«Химия» оқулығы

Авторлары: М. Оспанова, Қ. Аухадиева, Т. Белоусова
«Мектеп» баспасы


Жалпы қорытынды. Оқулықта шиыршықты оқу бағдарламасына негізделіп алдыңғы білім мен жаңа ұғымдар арасындағы байланыстылық қарастырылған. Әрбір тақырыптың 3 тілде оқу мақсаты айқын жазылған. Қайталауға арналған оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар, өз бетімен орындайтын тапсырмалар, жаратылыстану ғылым салаларын байланыстыратын тапсырмалар, оқушылардың логикалық және ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар, Блум бойынша тапсырмалар деңгейі көрсетілген. Оқулықтағы тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай беріліп, сабақ барысында орындалатын тапсырмалар алдыңғы білімді жоғары деңгейде қолдануды қажет етеді. Оқулықтың соңғы беттерінде қазақша, орысша, ағылшынша терминдердің түсіндірме сөздігі глоссарий берілген. Глоссарийдегі әрбір термин сөздің түсіндірмесін бір оқығаннан түсінуге болады. Ең бастысы өмірмен байланыстылығы, оқушылардың шығармашылығын шыңдауға байланысты нақты бағыттар мен мәліметтер көрсетілген. Сондықтан оқулық талаптарға сай деп есептеймін.

Оқу-әдістемелік кешендер. Негізгі мәтіндер, теориялық және тәжірибелік білімдер қатар берілген. Тапсырмалар, есептер жақсы берілген. Оқу жоспарына сәйкес құрастырылған.


Ұсыныстар: Деңгейлік тапсырмаларға көбірек мән берілсе, отандық ғылымның жетістіктері жайлы көбірек мәліметтер келтірілсе.

«Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» оқулығы


11-сыныпта «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» оқулықтарын апробациядан өткізген мұғалімдер туралы мәліметтер критерийлер бойынша пайыздық үлесі 167-170 суреттерде көрсетілген.




167-сурет. Пәні мұғалімдерінің білімі мен еңбек өтілі



168-сурет. Пәні мұғалімдерінің санаты



169-сурет. «Пәні мұғалімдерінің «Өрлеу» БАҰО курстарынан өтуі



170-сурет. Пәні мұғалімдерінің «НЗМ» ДББҰ курстарынан өтуі

Қазақ тілінде оқытылатын мектептердің 11-сыныптарына арналған «Алгебра және анализ бастамалары» оқулығын апробацияға «Атамұра», «Мектеп» баспалары, «Геометрия» оқулығын апробацияға «Атамұра», «Мектеп», «Келешек-2030» баспалары ұсынған (10-кесте).

10-кесте. Оқыту бағытына қарай оқулықтар тізімі

Оқыту бағыты	Оқулық атауы	Баспа
ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	Мектеп
ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	Атамұра
ҚГБ	Алгебра және анализ бастамалары	Мектеп
ЖМБ	Геометрия	Атамұра
ЖМБ	Геометрия	Мектеп
ҚГБ	Геометрия	Мектеп
ҚГБ	Геометрия	Келешек-2030


Оқулықтың құрылымы, тапсырмалардың оқу материалына сәйкестігі, иллюстрациялық материалдар, оқу-әдістемелік кешендердің (ОӘК) мазмұнына қатысты пән-мұғалімдері арасында сауалнама жүргізілді.

Бұдан әрі бөлімдерге қатысты сауалнаманың қорытындылары әр оқулыққа жеке келтірілген.

Оқулықтың құрылымы бойынша келесі параметрлер өлшенді:


- ✓ бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы (I);
- ✓ білім алушының психологиялық және жас ерекшеліктеріне оқу материалының сәйкес келуі (II);
- ✓ оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығының сақталуы) (III);
- ✓ оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттің көрініс табуы (IV);
- ✓ ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау, мазмұнының, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттарымен байланысы (V).

Осы аталған параметрлер «Алгебра және анализ бастамалары» оқулықтары және «Геометрия» оқулықтары бойынша 171-172-суреттерде келтірілген.



171-сурет. «Алгебра және анализ бастамалары» оқулықтарының құрылымы

Оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы жағынан білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерінің ескерілуі үшеуінде, материалды мазмұндау логиканың сақталуы үшеуінде, қазақстандық компоненттің болуы үшеуінде, ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтауы «Алгебра және анализ бастамалары» оқулықтарының үшеуінде көрініс тапқан (71-сурет).




172-сурет. «Геометрия» оқулықтарының құрылымы

Оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы жағынан «Геометрия» оқулығының төртеуінде, білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерінің ескерілуі үшеуінде, материалды мазмұндау логиканың сақталуы төртеуінде, қазақстандық компоненттің болуы үшеуінде, ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтауы төртеуінде жүзеге асырылған (172-сурет).

Оқулықтағы жаттығулар мен тапсырмалар келесі параметрлермен анықталды:


- ✓ деңгейлік жаттығулар (I);
- ✓ тәжірибеге бағытталған тапсырмалар (II);
- ✓ зерттеушілік тапсырмалар (III);
- ✓ эксперименттік тапсырмалар (IV);
- ✓ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалары (V).

Осы параметрлер «Алгебра және анализ бастамалары» оқулықтары және «Геометрия» оқулықтары бойынша 173-174-суреттерде келтірілген.



173-сурет. «Алгебра және анализ бастамалары» оқулықтарындағы жаттығулар мен тапсырмалар

«Алгебра және анализ бастамалары» оқулығының үшеуінде деңгейлік тапсырмалар, екеуінде практикаға бағытталған тапсырмалар, екеуінде зерттеушілік тапсырмалар, эксперименттік тапсырмалар берілмеген, үшеуінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құзыреттілігін қалыптастыру тапсырмалары берілген (173-сурет).




174-сурет. «Геометрия» оқулықтарындағы жаттығулар мен тапсырмалар


«Геометрия» оқулығының төртеуінде деңгейлік тапсырмалар, төртеуінде практикаға бағытталған тапсырмалар, екеуінде зерттеушілік тапсырмалар, екеуінде эксперименттік тапсырмалар, төртеуінде де ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құзыреттілігін қалыптастыру тапсырмалары берілген (174-сурет).

Оқулықта иллюстрациялық материалдардың берілуі:

- ✓ мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы (I);
- ✓ иллюстрациялық материалдың эстетикалық талаптарға сәйкестігі (II);
- ✓ иллюстрациялар көлемінің оңтайлылығы (III) жағынан қорытындылар «Алгебра және анализ бастамалары» оқулықтары және «Геометрия» оқулықтары бойынша 175-176-суреттерде көрініс тапқан.



175-сурет. «Алгебра және анализ бастамалары» оқулықтарындағы иллюстрациялық материалдардың берілуі




176-сурет. «Геометрия» оқулықтарындағы иллюстрациялық материалдардың берілуі


Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы иллюстрациялық материалдың эстетикалық талаптарға сәйкестігі, иллюстрациялар көлемінің оңтайлылығы «Алгебра және анализ бастамалары» мен «Геометрия» оқулықтарының бәрінде көрініс тапқан (175-176 суреттер).

Оқу-әдістемелік кешендер:

- ✓ оқулық мазмұнына сәйкестігі;
- ✓ оқу жетістіктерін бағалау бойынша БЖБ, ТЖБ тапсырмаларының болуы;
- ✓ қосымша ресурстарды пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы (сілтемелер);
- ✓ үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы бойынша қорытындылар 177-178-суреттерде көрсетілген.



177-сурет. «Алгебра және анализ бастамалары» оқулықтарына берілген ОӘК-дің туралы



178-сурет. «Геометрия» оқулықтарына берілген ОӘК-дің туралы

«Өзін-өзі тану» оқулығы


11-сыныпта «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» оқулықтарын апробациядан өткізген мұғалімдер туралы мәліметтер критерийлер бойынша пайыздық үлесі 167-170 суреттерде көрсетілген.




179-сурет Мұғалімдердің білімі мен еңбек өтілі туралы мәліметтер




180-сурет. Мұғалімдердің санаты бойынша мәліметтердің пайыздық көрсеткіші




181-сурет. Мұғалімдердің әр жылдар бойынша «Өрлеу» БАҰО курсынан өткені туралы мәлімет




182-сурет. Мұғалімдердің әр жылдар бойынша «НЗМ» ДББҰ курсынан өткені туралы мәлімет




183-сурет. «Бөбек» ҰҒПББСО баспасы оқулығы құрылымының талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтердің пайыздық көрсеткіші




184 – сурет. «Бөбек» ҰҒПББСО баспасы оқулығында жіберілген қателіктер мен нақтылықтың болмауы туралы пайыздық көрсеткіші



185 – сурет. «Бөбек» ҰҒПББСО баспасы оқулығындағы тапсырмалардың пайыздық көрсеткіші



186 – сурет. «Бөбек» ҰҒПББСО баспасы оқулығындағы иллюстрациялық материалдардың берілуі туралы пайыздық көрсеткіші



187 – сурет. «Бөбек» ҰҒПББСО баспасы оқу-әдістемелік кешендеріндегі пайымдаулары туралы пайыздық көрсеткіші

**«Өзін-өзі тану» оқулығы 11 сынып
«Бөбек» ҰҒПББСО баспасы**

Авторлары: Ж. Ж. Акимбаева., Л. С. Джубатова., Н. К. Мырқасымова.

Жалпы қорытынды. Баспада берілген 11 сыныпқа арналған «Өзін-өзі тану» оқулығы жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген. Оқулықта жалпыадамзаттық құндылықтар мен қасиеттердің мәнін ашатын оқу материалдары ұсынылған. Тақырыптардың мазмұны білім алушылардың жас ерекшелігіне сай жасалған. Оқулықта берілген өсиетнама мен дәйексөздер, рухани әңгімелер мен тапсырмалар мазмұны тақырыпқа сай.

Оқулықта берілген тақырыптар мен тапсырмалардың сабақтастығы сақталған, тақырыптардың мәні терең, білім алушыларға рухани адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталған. Оқулықта жалпыадамзаттық құндылықтарды өмірлік шынайы тәжірибемен, іс-әрекеттермен байланыстыра отырып, білім алушыларға рухани адамгершілік тәрбие береді.

Берілген тақырыптар мен тапсырмалар түсінікті, оқу мақсаттарына сай жасалған, білім алушының логикалық ойлауын дамытып, өмірлік тәжірибе алуына мүмкіндік береді. Оқулық мазмұны білім алушылардың тұлғалық қалыптасуына негізделген. Әр тақырыптан кейін берілген тапсырмалар және әр бөлімнен кейінгі берілген жоба жұмыстары білім алушылардың бойындағы ар-ұждан мен адамгершілік, ізгілік пен ізеттілік, имандылық пен инабаттылыққа тәрбиелеп, рухани қасиеттерін дамытуға жетелейді.

Ескертпе.


- Оқулықтағы кейбір тақырып мазмұнында орфографиялық, грамматикалық қателерге жол берілген.

Ұсыныстар.

- Оқулықта шығармашылық тапсырмалар көбірек қамтылса;
- білімді бекітуге арналған тест тапсырмасы тақырыпқа сәйкес жасалса;
- әдісмелік құралға нақты әдіс-тәсілдер келтірсе;
- оқулықпен бірге оқушыларға арналған «Оқушы дәптері» берілсе;
- авторлары туралы қосымша мағлұмат берілсе;
- оқу-әдістемелік кешенде қосымша ресурстар берілуі керек деген ұсыныстар беріледі.

«Графика және жобалау» оқулығы


11-сыныпта «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» оқулықтарын апробациядан өткізген мұғалімдер туралы мәліметтер критерийлер бойынша пайыздық үлесі 167-170 суреттерде көрсетілген.



188-сурет. Мұғалімдердің білімі мен еңбек өтілі туралы мәліметтер



189-сурет. Мұғалімдердің санаты бойынша мәліметтер



190-сурет. Мұғалімдердің «Өрлеу» БАҰО курстарынан өтуі




191-сурет. Мұғалімдердің «НЗМ» ДББҰ курстарынан өтуі

Мониторинг келесі бөлімдерден тұрады: оқулық құрылымы бойынша пән мұғалімдеріне сауалнама жүргізу; оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі; қателерге жол берілу мен нақтылықтың болмауы; тапсырмалардың оқу материалына сәйкестігі; иллюстрациялық материал; оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК); оқулық пен ОӘК-дерге жалпы сипаттама. Бөлім бойынша апробациялау нәтижелері «Графика және жобалау» пәнінің әрбір оқулығына жеке келтірілген.


2.1. Оқулық құрылымы мен мазмұны:

11 сыныпқа арналған «Графика және жобалау» оқулығының апробациясына «Келешек-2030», «Мектеп» баспаларының оқулықтары ұсынылды.

2.1.1. Баспалар бойынша «Графика және жобалау» оқулығының құрылымдық компоненттерінің болуы 5, 6-суреттерде көрсетілген




192-сурет. «Келешек» баспасы оқулығы құрылымы туралы мәліметтер




193-сурет. «Мектеп» баспасы оқулығы құрылымы туралы мәліметтер

2.1.2. Баспалар бойынша «Графика және жобалау» оқулығының қателерге жол берілу мен нақтылықтың болмауы 7, 8-суреттерде көрсетілген




194-сурет. «Келешек» баспасы оқулығында кездесетін қателіктер туралы мәліметтер




195-сурет. «Мектеп» баспасы оқулығында кездесетін қателіктер туралы мәліметтер

1.3. Баспалар бойынша «Графика және жобалау» оқулығының оқу материалына тапсырмалардың сәйкестігі 9, 10-суреттерде көрсетілген




196-сурет. «Келешек» баспасы оқулығында тапсырмалардың берілуі




197-сурет. «Мектеп» баспасы оқулығында тапсырмалардың берілуі

2.1.4. Баспалар бойынша «Графика және жобалау» оқулықтарында иллюстрациялық материалдардың берілуі 11, 12-суреттерде көрсетілген



198-сурет. «Келешек» баспасы оқулықтарында иллюстрациялық материалдардың берілуі




199-сурет. «Мектеп» баспасы оқулықтарында иллюстрациялық материалдардың берілуі

III бөлім. ОӘК

3.1. Баспалар бойынша «Графика және жобалау» оқулықтарында оқу-әдістемелік кешендеріндегі пайымдаулар 13, 14-суреттерде көрсетілген



200-сурет. «Келешек» баспасы оқулықтарында оқу-әдістемелік кешендеріндегі пайымдаулар



201-сурет. «Мектеп» баспасы оқулықтарында оқу-әдістемелік кешендеріндегі пайымдаулар

«Графика және жобалау» пәні. «Келешек» баспасы.

Авторлар: И. М. Дубинец, В. Б. Кульбаева, Ж. Д. Ерғалиев

И. М. Дубинец, В. Б. Кульбаева, Т. Ж. Ерғалиев

Жалпы қорытындылар. **Оқулық** оқу бағдарламасы мен 11-сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. «Ақпаратты визуалдандырудың графикалық тәсілдері мен құралдары» бөлімінде білім алушылар сызбаларда геометриялық құрылымдарды орындауды үйренуі мүмкін. Оқулықта «Бейнелеудің негізгі түрлері мен оларды жасау» бөлімінің тақырыптары өте жақсы ашылған. Проекциялау әдістерін, түрлерін, кесу өлшемдерін, оксонометриялық проекцияларды оңай зерттеуге болады. Материал оқу дағдыларын меңгеру және заттардың сызбаларын орындау үшін қолжетімді, кеңістіктік қабылдауды, қиялын және инженерлік-конструкторлық қабілеттердің бастапқы деңгейін дамытады. Алынған білім мен дағдылар кез келген мамандық иелеріне қажетті кеңістіктік ойлауды, зейінді, ұқыптылықты және шыдамдылықты дамытуға ықпал етеді.

Оқулық қарапайым жазылған, онда курсқа аксиоматикалық көзқарас берілген. Схемалар, суреттер, иллюстрациялар мәтіндік материалды толықтырады және түсіндіреді. Жаттығулар жүйесі дәйекті, күрделілігі әртүрлі деңгейдегі міндеттерді қамтиды, ең маңызды міндеттерді шешуге мысалдар келтіріледі, сондай-ақ оқушыларға тірек ретінде талап етілетін ең қиын міндеттерді шешу берілген. Қосымша тапсырмалар бар. Қосымша есептерді шешу кезінде білім алушыларда: кеңістіктік қиял, практикалық түсіну және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып логикалық ойлау дамиды.

ОӘК әзірлеу кезінде қазіргі педагогикалық Тұжырымдаманың талаптары ескерілген, ОӘК жақсы әзірленген, мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді. Сабаққа қосымша материал бар.

Ескерту: Оқу жетістіктерін бағалау бойынша практикалық ұсыныстар берілген жоқ.

Ұсынымдар:

- 1) оқулықтардың соңында сөздік пен формулалар қосуға болады.
- 2) оқу жетістіктерін бағалау бойынша ұсынымдар енгізу.

«Графика және жобалау» пәні. «Мектеп» баспасы. Оқыту тілі: қазақ, орыс

Автор: Ы. Нәби

Ы. Нәби

Жалпы қорытындылар. Оқулық мазмұны Үлгілік оқу бағдарламасына, құрылымы жалпы талаптарға сәйкес келеді. Оқулық оқу жоспарына сәйкес әзірленген. Ол 68 сағат, 2 бөлім, 18 тараудан тұрады. Бөлім бойынша берілген тақырыптар мен оқу мақсатына сәйкес. Нақты, түсінікті жаңа графикалық бағдарламалар туралы хабарланған.

Сызудың практикада қолдануына, оның өнермен, архитектурамен байланысына назар аударылады.

Практикалық және графикалық жұмыстар дұрыс бөлінген.

Оқулықты әзірлеу кезінде барлық негізгі дидактикалық ұстанымдар, оқу материалының ғылыми және қол жетімділік принципі сақталған. Сыни тұрғыда ойлауды дамытуға және өз бетінше орындауға бағытталған тапсырмалар берілген. Иллюстрацияның мөлшері оңтайлы. Берілген материалдар бойынша сызбалар бар. Сызбаларға геометриялық фигуралар берілген.

ОӘК жақсы әзірленген, мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді. Оқулыққа сәйкес келеді, барлық сабақ жоспарлары жаңартылған бағдарламаның талаптарына сәйкес әзірленген.

Ескертулер: оқу жетістіктерін бағалау, қосымша ресурстарды пайдалану бойынша практикалық ұсыныстар назарға алынбаған.

Ұсынымдар:

- 1) әртүрлі деңгейлік тапсырмаларды қосу.
- 2) оқу жетістіктерін бағалау бойынша ұсыныстар.
- 3) қосымша ресурстарды пайдалану жөніндегі практикалық ұсынымдар.

**Алғашқы әскери және технологиялық дайындық»
пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқулықтар мен оқу-әдістемелік
кешендерін әзірлеу туралы
АҚПАРАТ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы №556 бұйрығына сәйкес 2018-2019 оқу жылында 16 пилоттық мектептердің 10-шы сыныптары «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы, оқулықтары мен оқу-әдістемелік

кешендері апробациядан өткізілді. 2018-2019 оқу жылының қорытындысында 16 пилоттық мектептердің 10-шы сыныптары бойынша «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері апробация қорытындысы туралы Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының тақырыптық жоспарына сәйкес мониторинг жасалды.

Ал, 2019-2020 оқу жылында 11-шы сыныптары бойынша «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері апробациядан өткізу жоспарланып, жалғасын тапты. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы және оқулықтарының сапасын апробациядан өткізу мониторингі кезінде 11-шы сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасына толықтырулар мен өзгертулер енгізілді.

Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында, ҚР Қорғаныс министрлігіндегі Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаментінде оқу бағдарламасы талқыланды, содан кейін, 27 қаңтар 2020 жылы бағдарлама ҚР Білім және ғылым министріне таныстырылды.

Аталған отырыстың қорытындысы бойынша Білім және ғылым министрлігі Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына тапсырмалар берілді:

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығының жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізудің

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы **салыстырмалы кестесін** жасау;

- ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, 2020 жылғы 29 қаңтарда 10-11 сыныптарға арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» **оқу бағдарламасын** әзірлеп, бекітуге ұсыну.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасына сәйкес «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша құрылған **жұмыс тобы** үлгілік оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу жұмыстарымен айналысты.

Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2019 жылдың қараша айында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні оқытушы-ұйымдастырушылары және Қорғаныс министрлігі әскери емес оқу орталығымен Академия базасында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу бағдарламасын әзірлеген жұмыс тобымен семинар өткізілді.

2019 жылдың қараша, желтоқсан айлары мен 2020 жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында Бағдарлама және оқулық авторларынан және оқытушы-ұйымдастырушылардан тұратын жұмыс тобымен 7 кездесу өткізілді.

- ҚР Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаменті

- Тұңғыш Президент-Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің жедел-тактикалық дайындық кафедрасы

- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы базасында әскери емес Оқу орталығы

- ҚР Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетімен Бағдарлама бірлесіп дайындалды.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша бағдарламаның жаңа редакциясы білім алушыларға Қазақстан Республикасының азаматтарына қойылатын қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, мемлекет қорғанысы мен әскери қызметтің негіздері туралы нақты түсінік алуға, күнделікті өмірде және табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы әртүрлі қауіпті және төтенше жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде өз білімдерін жүйелеуге мүмкіндік беру жолдарын қарастырды. Қауіп-қатерден қалай сақтану керек, денсаулықты сақтау және нығайту үшін дұрыс шешім табуға көмектесу сияқты сұрақтарға жауап беретін тақырыптарды жүйеледі.

Сонымен Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА жанында құрылған жұмыс тобының апробация қорытындысы негізінде жасалған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Үлгілік оқу бағдарламасының жаңа редакцияланған нұсқасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА жанында құрылған жұмыс тобының апробация қорытындысы негізінде жасалған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Үлгілік оқу бағдарламасының жаңа редакцияланған нұсқасын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне бекітуге 2020 жылдың 13 наурызында ұсынылды.

Қорытындысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 бұйрығына қосымша «Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы» жаңа редакциясы бекітілді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 20456 болып енгізілді).

**10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы және оқулықтарының сапасын апробациядан өткізу
МОНИТОРИНГІ**

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен

мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы №556 бұйрығына сәйкес 2018-2019 оқу жылында 16 пилоттық мектептердің 10-шы сыныптары, ал 2019-2020 оқу жылында 11-шы сыныптары «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері апробациядан өткізілгені туралы **ақпарат** дайындалды.

Білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу процесі осы процестің мониторингімен сүйемелденді. Мониторинг барысында жиналған ақпараттар қажетті шараларды қабылдауды талап ететін мәселелерді анықтау және талдау үшін пайдаланылды.

11-сыныптарда білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу мониторингі оқу бағдарламаларының, оқулықтардың, ОӘК сапасын бағалауға, білім алушылардың, педагогтердің, білім беру ұйымдары басшыларының білім берудің жаңа стандарты бойынша білім беру процесінің тиімділігі туралы пікірін анықтауға мүмкіндік берді.

Мақсаты: Қазақстан мектептерінің 11-сыныптарының нақты білім беру үдерісі жағдайында білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша әзірленген оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен ОӘК енгізудің ағымдағы жағдайын бағалау.

Міндеттері:

1) әзірленген оқу бағдарламаларын, ОӘК тиімділігін тәжірибеде тексеру:

- оқу бағдарламалары мен жоспарлардың мұғалімдерге қолжетімділігі (тиімділігі, оңайлығы, қолайлылығы, түсініктілігі және т.б.);

- оқу мақсаттарының сапасы (оқу мақсаттарының анықтығы, бір тоқсандағы оқу мақсаттарының мөлшерінің оңтайлылығы, оқу мақсаттарының өлшемділігі);

- оқу бағдарламалары компоненттерінің сабақтастығы (ойға қонымдылық, өзара байланыс және т.б.);

- ОӘК сапасы (әзірленген ОӘК мазмұнының оқу бағдарламаларына сәйкестігі, ОӘК оқу мақсаттарына жетуге бағытталуы, дизайн);

- оқушылардың білім беру үдерісіне эмоционалдық қарым-қатынасы (қабылдауы, қызығушылығы, уәждеме, белсенділігі);

2) 11-сыныптарда жұмыс істейтін пән мұғалімдерінің оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен ОӘК іске асыру бойынша бағасын алу, атап айтқанда:

- оқу бағдарламаларының мазмұны мен жаңа оқу бағдарламасының

артықшылықтары;

- мұғалімдердің түсінуде және жүзеге асыруда қиындықтарды тудырған оқыту мақсаты;

- қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға арналған оқу бағдарламасының бағыты;

- оқу бағдарламасының Өз және басқа халықтардың дәстүрлерін түсінуді қалыптастыруға бағыттылығы;

- оқулықтың құрылымы мен мазмұны;
- оқу материалының әдістемелік жағы;
- оқулықтың иллюстрациялық материалы;
- оқу материалын мазмұндау тілі мен стилі;
- пән бойынша ОӘК мазмұны.

3) апробацияланған оқу бағдарламаларының және ОӘК МЖББС-ның негізгі ережелеріне сәйкестік дәрежесінің анықтамасы;

4) жаңартылған білім мазмұны бойынша әзірленген оқу бағдарламаларына, ОӘК-ге түзетулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу (қажет болған жағдайда);

5) нақты білім беру үдерісі жағдайында мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету.

Жалпы, мониторинг мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің жаңа бағдарлама, оқулықтар мен ОӘК туралы кәсіби бағалау пікірінің жалпы көрінісін, сондай-ақ жаңа оқу бағдарламасының, оқулықтар мен ОӘК артықшылықтары туралы, жаңа бағдарламаны іске асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру үшін жаңа оқу бағдарламасын іске асырудағы мұғалімдердің қиындықтары туралы, сондай-ақ мұғалімдерді әдістемелік қолдау стратегиялары мен тетіктері туралы егжей-тегжейлі көріністі алуға бағытталған.

Мониторингке еліміздің 16 өңірінің 16 пилоттық мектебі қатысты.

Жаңартылған білім беру мазмұнын пилоттық енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 455 бұйрығының 7-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «31» қазан №556 бұйрығының 5-қосымшасын іске асыру мақсатында 2018-2019 оқу жылында 10-шы сынып, 2019-2020 оқу жылында 11-шы сынып білім алушылары «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізу үшін жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыды (Республика бойынша 16 мектеп тізімі қосымша тіркелген).

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыттағы, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы), оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізу үшін пилоттық мектептердің тізімі

№	Өңірдің атауы	Пилоттық мектептің атауы
1.	Астана қаласы	№ 13 орта мектебі
2.	Алматы қаласы	М. Мәметова атындағы №28 орта мектебі
3.	Ақмола облысы, Жарқайың ауданы	Крупская атындағы орта мектебі
4.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы	№ 51 мектеп-гимназиясы
5.	Алматы облысы, Көксу ауданы	К. Жалайыри атындағы мектеп-гимназиясы
6.	Атырау облысы, Атырау қаласы	№ 33 орта мектебі
7.	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы	№ 4 орта мектебі
8.	Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы	№ 34 мектеп-гимназиясы
9.	Жамбыл облысы, Тараз қаласы	№ 49 мектеп-гимназиясы
10.	Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы	№101 мектеп-лицейі
11.	Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы	Ж. Қизатов атындағы № 23 орта мектебі
12.	Қостанай облысы, Қостанай қаласы	№5 орта мектебі
13.	Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы	№ 21 орта мектебі
14.	Павлодар облысы, Павлодар қаласы	№ 41 орта мектебі
15.	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы	№ 40 орта мектебі
16.	Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы	Қ. Спатаев атындағы № 7 мектеп-лицейі

Мониторинг рәсімдері

Білім беру басқармаларының (бөлімдерінің) жауапты мамандары мен ҰБА өкілдері арасынан мониторинг жүргізу бойынша жұмыс топтары мектеп әкімшіліктерімен, оқушылар және мұғалімдермен сұхбат жүргізілді. Деректер мониторинг жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес сауалнамалар, әңгімелесу хаттамаларының, фотосуреттер мен аудио-видеожазбалар көмегімен мәліметтер жинақталып, өңдеу, талдау жасап және есеп дайындалды.

Статистикалық көрсеткіштерді түзету және талдау.

Жұмыс тобы мониторинг нәтижелеріне талдау жасады, сондай-ақ жиналған мәліметтерді модерациялады, қорытындыларды жинақтау негізінде есептер дайындады, оқу бағдарламаларының, оқулықтар мен ОӘК сапасын жетілдіру бойынша түзетулер енгізу үшін мұғалімдердің ұсыныстары бойынша мониторингтің сандық және сапалық қорытындылары бойынша жиынтық жасалды.

Орта білім беру орталығы деректерді өңдеуден және талдаудан кейін мониторинг кезеңдері мен рәсімдері бойынша талдау есебін және мониторинг нәтижелерін дайындады. Екі баспа «Келешек-2030», «Мектеп» әзірлеген 11-сыныпқа арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқулық пен ОӘК талдамалық есеп және мониторинг нәтижелері жасалды (11-23 кестелер, 204-201-суреттер).

ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ


1. «КЕЛЕШЕК-2030» БАСПАСЫ

I бөлім. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Оқулық : Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. 2 бөлім + CD.

Автор(лар)ы: А.И.Рихтер, В..Л.Яковенко

Баспа: «Келешек-2030»




204-сурет. Мұғалімдер туралы жалпы мағлұматтар

1.2. II бөлім.БІЛІМ МАЗМҰНЫ

1. Сіз қай пәннен сабақ бересіз? (пән және баспа атауын жазыңыз) Алғашқы әскери және технологиялық дайындық
2. Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

12-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша жаңа бағдарлама менің білім алушыларымның басым көпшілігіне қызықты	12	0	0
Пән бойынша бағдарлама білім алушыларымның басым көпшілігінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	12	0	0
Пән бойынша бағдарлама мазмұны практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған	11	1	0
Бағдарлама мазмұнында қазақстандық компоненттер көрініс тапқан	12	0	0
	47	1	0




205-сурет. Оқу бағдарламалары туралы

3. Сіздердің білім алушылар үшін жаңа оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары қандай? («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

13-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Кең спектрлі дағдыларды дамытуға бағытталған	11	1	
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыс үшін мүмкіндік береді	11	1	
	22	2	




206-сурет. Оқу бағдарламалары туралы

1.3 ІІІ бөлім. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Пәннің аты Алғашқы әскери және технологиялық дайындық

14-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?	11	1	
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал етеді ме?	12		
Бағдарлама өз халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін түсінуді қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?	12		
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?	11	1	
Жиыны	46	2	



207-сурет. Оқу бағдарламалары туралы


1.4 IV бөлім. ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОӘК

Пәннің аты Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. Оқулық баспасы: Келешек -2030

1. Оқулықтың мазмұны мен құрылымы (Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

15-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі (мазмұны, кіріспе, мәтіндер, суреттер, бақылау сұрақтары және тапсырмалары, шартты белгілерді, сигналдар-символдарды қолдану)	12	0	0
Бөлімдер бойынша оқу материалы көлемінің оптималдығы	11	1	0
Білім алушылардың психологиялық ерекшеліктеріне оқу материалының сәйкестігі	12	0	0
Оқу материалын баяндау логикасы (тақырыптардың, бөлімдердің сабақтастығы)	11	1	0
Оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттің көрінісі	12	0	0
Жиыны	58	2	0




208-сурет. Оқулықтың құрылымы туралы

2. Оқу материалының әдістемелік жағы (Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

16-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Оқу тапсырмаларының білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі	12		
Зерттеушілік сипаттағы тапсырмалардың болуы	10	2	
Дамытушы, үйретуші, тәрбиелеуші тапсырмалардың болуы	12		
Оқулықтың практикалық бағыты	8	4	
ЖИЫНЫ	42	6	




209-сурет. Оқу материалының әдістемелік жағы туралы

3. Оқу материалын баяндау тілі мен стилі (Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

17-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Анықтығы, нақтылығы, мәнерлілігі	12	-	-
Грамматикалық қателердің болуы	-	2	0
Стилистикалық қателердің болуы	-	-	0
Фактологиялық қателердің болуы	-	-	0
	12	2	0



210-сурет. Оқу материалының баяндау тілі мен стилі

11-СЫНЫПТЫҢ «АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ»

ОҚУЛЫҒЫНА ҰСЫНЫСТАР

Оқулық: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. 2 бөлім + CD.

Автор(лар)ы: А.И.Рихтер, В.Л.Яковенко

Баспа: «Келешек-2030»

Жалпы қорытынды. Жаңартылған білім мазмұнын енгізудегі тиімді жақтары: 11-сыныпқа арналған оқулығы 2-бөлімнен тұрады және электронды дискі + CD, әдістемелік нұсқаулығы, АӘТД жұмыс дәптері, көрнекі құралдар топтамасы, жеке және топтық жұмысқа арналған карточкалар жиынтығымен қамтамасыз етілген, жақсы әзірленген. Оқулық пен оқу әдістемелік кешендердің сыртқы мұқабасы, суреттері өте жақсы безендірілген. Оқулық оқушыларға түсінікті, ыңғайлы. Теориялық бөлім және 2 бөлімде жағдаяттық тапсырмалар келтірілген.

Негізгі теориялық және практикалық бағытты қамтитын үш бөлімнен тұратын оқулықтың сыртқы мұқабасы мен форзацты өте тиімді пайдаланған. Оқулық ойлануға, күрделі жол жағдайында болған қиындықтарды шешуге негізделген. Оқулықта мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы жүйелі жасалған. Оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттерге назар аударған, оны көрнекіліктер, иллюстрациялармен оңтайлы безендірілген және бөлімдер сабақтастығын сақталған. Оқу-әдістемелік кешендер оқулық мазмұнына сәйкес, оқу жетістіктерін бағалау бойынша тапсырмалар берілген. Оқулық және оқу-әдістемелік кешендер мазмұны оқу бағдарламасымен және оқу материалдары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Ескертулер мен толықтырулар:

«Көлік құралдарының басқару негіздері» тақырыбында суретте бейнеленген беріліс туралы мәліметтерде «Автоматты басқару» түрінде көрсетілсе. Электронды компьютерлі тапсырмалар болса, оқушыларға қызықты әрі жақсы болар еді.


Ұсыныстар:

- Саптық дайындық жарғысы бойынша Әскери қызметшілердің автомашина жанындағы және автомашинадағы іс-қимыл енгізілсе;
- Автотреножор мектептерде орналастырса;
- Автомобильді қауіпсіз жүргізуге, жол ережесін сақтауда оқулықтың электронды компьютерлік нұсқасы болса, көп көмек болар еді.

**ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ
«АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ» ПӘНІ ОҚЫТУШЫ-
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫНАН АЛЫНҒАН САУАЛНАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

2. «МЕКТЕП» БАСПАСЫ (9-16 кестелер мен диаграммалар)

2.1 I бөлім. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР



МЕКТЕП

211-сурет. Мұғалімдер туралы жалпы мағлұматтар

11-сыныптың «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқулығына ұсыныс


**Оқулық : Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. I бөлім. Автор(лар)ы: В. Лим, А. Гудков
2.2 II бөлім. БІЛІМ МАЗМҰНЫ**

1. Сіз қай пәннен сабақ бересіз? (пән және баспа атауын жазыңыз) Алғашқы әскери және технологиялық дайындық

2. Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

18-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша жаңа бағдарлама менің білім алушыларымның басым көпшілігіне қызықты		2	
Пән бойынша бағдарлама білім алушыларымның басым көпшілігінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді		1	1
Пән бойынша бағдарлама мазмұны практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған	1	1	
Бағдарлама мазмұнында қазақстандық компоненттер көрініс тапқан	1	1	
	2	5	1




212-сурет. Оқу бағдарламалары туралы

3. Сіздердің білім алушылар үшін жаңа оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары қандай? («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

19-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Кең спектрлі дағдыларды дамытуға бағытталған	0	2	0
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыс үшін мүмкіндік береді	0	2	0
	0	4	0




213-сурет. Оқу бағдарламалары туралы

2.3 ІІІ бөлім. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Пәннің аты Алғашқы әскери және технологиялық дайындық

20-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?	-	2	
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал етеді ме?	2		
Бағдарлама өз халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін түсінуді қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?		1	1
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?		1	1
Жиыны	2	4	2




214-сурет. Оқу бағдарламалары туралы

2.4 IV бөлім. ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОӘК. Пәннің аты Алғашқы әскери және технологиялық дайындық

1. Оқулықтың мазмұны мен құрылымы (Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

21-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі (мазмұны, кіріспе, мәтіндер, суреттер, бақылау сұрақтары және тапсырмалары, шартты белгілерді, сигналдар-символдарды қолдану)		1	1
Бөлімдер бойынша оқу материалы көлемінің оптималдығы	1	1	
Білім алушылардың психологиялық ерекшеліктеріне оқу материалының сәйкестігі	1	1	
Оқу материалын баяндау логикасы (тақырыптардың, бөлімдердің сабақтастығы)		2	
Оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттің көрінісі	1	1	
Жиыны	3	6	1




215-сурет. Оқулықтың мазмұны мен құрылымы туралы

2. Оқу материалының әдістемелік жағы (Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

22-кесте

	2 балл	1 балл	0 балл
Оқу тапсырмаларының білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі	1	1	1
Зерттеушілік сипаттағы тапсырмалардың болуы		2	
Дамытушы, үйретуші, тәрбиелеуші тапсырмалардың болуы		2	
Оқулықтың практикалық бағыты		2	1
ЖИЫНЫ	1	7	2




216-сурет. Оқу бматериалының әдістемелік жағы туралы

3. Оқу материалын баяндау тілі мен стилі (Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

23-кесте

Тұжырымдау				
	2 балл	1 балл	0 балл	
Анықтығы, нақтылығы, мәнерлілігі		1	1	
Грамматикалық қателердің болуы		2		
Стилистикалық қателердің болуы	1	2		
Фактологиялық қателердің болуы		1	1	
	1	6	2	



217-сурет. Оқу материалының баяндау тілі мен стилі

**11-СЫНЫПТЫҢ «АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ»
ОҚУЛЫҒЫНА ҰСЫНЫСТАР**

**Оқулық: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық.
Автор(лар)ы: В. Лим, А. Гудков
«МЕКТЕП» БАСПАСЫ**

Жалпы қорытынды: Оқулықтың әр бөлімінен кейін қорытынды берілмеген. Оқулық бөлімдерінің тақырыптарында әскери жүргізушілердің негізгі міндеттері, оларға қойылатын талаптар, әскери техниканы басқару ережелері болуы керек оқулықта жоқ немесе толық көрсетілмеген. Оқулықтың кіріспе бөлімінде тақырыптың қысқаша сипаттамасы толық көрсетілмеген. Оқулықта білім беру ақпаратының ғылыми көздеріне сілтемелер толық ұсынылмаған.

Сабәк барысында лексика мен терминдер тізімделеді, оқулық мәтiнiнде бұл терминдерге анықтама берiлмеген және глоссарийде де жоқ.

Ескертулер мен толықтырулар:

Оқулық мазмұнын жақсарту үшін белгілер-символдарды қосу керек: сұрақтар мен тапсырмалар, жеке және топтық тапсырмалар, ізденіс жұмысы, практикалық тапсырма. Барлық қателерді түзету керек.

Ұсыныстар:

«Жол қозғалысы», «Қозғалыс қауіпсіздігі», «Жол қозғалысын ұйымдастыру» тақырыптарын Қазақстан Республикасының Жол ережелеріндегі негізгі ұғымдар мен терминдерге сәйкес жасау керек. Оқулық мазмұнында оқушыларға шығармашылық тапсырмалар жүйесін толықтыру керек.

3. 11-сыныпқа арналған жаңартылған білім беру мазмұны оқулықтары мен ОӘК апробация қорытындылары бойынша әдістемелік ұсынымдар

Оқулықтар мен ОӘК апробациясы оқулық мазмұнының МЖМБС талаптарына, үлгілік оқу жоспарларына, үлгілік оқу бағдарламаларына, оқу-әдістемелік материалдардың сапасына сәйкестігін бағалауды, білім беру процесін ұйымдастыруда проблемалар мен қиындықтарды анықтауды, сондай-ақ оқу ресурстарын жетілдіру үшін ата-аналардың ұсыныстарын есепке алу мақсатында олардың пікірлерін анықтауды көздейді.

Апробация қорытындылары:

- білім беру процесін;
- оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұнын;
- критериалды бағалау жүйесін;
- оқу-әдістемелік кешендерді;
- мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларына жаңартудың өзекті мәселелерін кіріктіруді;
- білім берудің жаңа стандарттарына көшу жағдайында мектеп басқаруын *жетілдіру мақсатында ұсыныстарды негіздеу үшін пайдаланылатын болады.*

Жаңартылған оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, бағалаудың жаңа жүйесін пайдалануда прогрессивті өзгерістер болғанымен, бүгінгі күні білім беру мазмұнын жаңартуды тиімді енгізуге кедергі келтіретін кемшіліктер де кездеседі.

Пилоттық мектеп мұғалімдерінің сауалнамада көрсеткен жауаптары бойынша, апробациядан өткізілген оқулықтардың көпшілігіне оң сипаттамалар берілген, солардың ішінен келесі сипаттамаларды атап өтуге болады: жаңартылған оқулықтарда теориялық материалдардың жеткілікті болуы; оқытудың белсенді түрлерін пайдалануға арналған тапсырмалардың берілуі; білім алушылардың зерттеу жұмысын жүргізу дағдыларын дамытатындығы; оқу тапсырмаларының оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын енгізуді көздейтіндігі; берілген есептер мен тапсырмалар, жаттығулар оқытудың сараланған тәсіліне сәйкес келетіндігі; тілдік пәндер бойынша оқулықта берілген материалдар білім алушылардың: түрлі стиль мен жанрлардағы мәтіндерді талдау; мәтін құрылымы мен мазмұнын түсіндіру; – мәтінді мазмұнындау; – тіл ерекшеліктері бойынша бақылау жүргізу; мәтінді өңдеу;

- сурет, фотосурет, кластер, сызба, бақылау немесе тыңдалған, оқылған мәтін негізіндегі сурет бойынша берілген тақырыпқа немесе білім алушының тұжырымдаған тақырыбына өз бетінше пікірін (ауызша немесе жазбаша) айту біліктерін дамыту мақсатында мәтінмен әртүрлі жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оқулықтар мен ОӘК сапасы бойынша жинақталған мәліметтер негізінде жасалған талдауларға сәйкес, бірқатар оқулықтардың

төмендегідей кемшіліктері анықталды және оларды әрі қарай жетілдіру қажет. Кемшіліктер:

- оқу пәндері бойынша бірқатар оқулықтардың сабақтастығы жоқ;
- тілдік пәндер оқулықтарында білім алушылардың сөздік жұмысын ұйымдастыру мәселесі толық қарастырылмаған (сөздіктер жоқ, сөздіктегі сөздер белгіленбеген, есте сақтауға берілетін сөздердің саны көрсетілмеген және т. б.);
- глоссарий жоқ;
- кейбір оқулықтар білім мазмұнын жанарту қағидаттарына сәйкес келмейді, ұсынылған тапсырмалар функционалдық сауаттылық, білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеу, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталмаған;
- оқулықтардың басым көпшілігінде грамматикалық, стилистикалық қателер кездеседі;
- бірқатар оқулықтардың мәтіндік оқу материалдары мен иллюстрациялар көлемі, сондай-ақ олардың оқулық бетіндегі арақатынасы оңтайланбаған.

Жоғары сынып мұғалімдерінің көпшілігі оқулықтың мазмұнын әртүрлі деңгейдегі тапсырмалармен толықтырып, ЕМН пәндері бойынша оқулықтарда практикаға бағытталған міндеттерді күшейтуге өтініш білдірді.

Оқулықтардың кемшіліктері мен оқу бағдарламаларына сәйкес келмеуі мұғалімнің, білім алушының өзіндік жұмысын қиындатады.

Негізгі проблемалар қатарына педагогтер: жиынтық жұмыстарды жүргізу үшін тапсырмалар әзірлеу, оқу тапсырмаларын саралау сияқты мәселелерді жатқызады, *себебі жоғары сынып оқушыларына жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес тапсырмалар, диктанттар және т. б. жинақтар әзірленбеген.*

Тапсырмалар бойынша саралау біртіндеп күрделенетін және сабақтың барлық кезеңдерінде: жаңа материалды меңгеру, бекіту, қайталау және оқушы үй тапсырмасын орындау кезінде жүзеге асырылатын тарату материалдарын қолдануды қарастырады.

Барлық дерлік баспалардың ОӘК әзірлеуге қойылатын талаптарға жауап бере бермейді. Мысалы, кейбір мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқауларда білім мазмұны жаңартылған оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнына сәйкес келмейтін күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар бар. Сондықтан қажет болған жағдайда, баспаларға мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсынымдарға оқу жылының тоқсандары бойынша оқытудың барлық мақсаттары көрсетілген және бекітілген оқу бағдарламаларының қосымшасы болып табылатын ұзақ мерзімді жоспарларды енгізу ұсынылады.

Сонымен қатар мұғалімдердің сабақтарына қатысу нәтижесі көптеген проблемаларды көрсетіп отыр, олардың ішінде, әсіресе, сабақта қалыптастырушы бағалаудың дұрыс жүргізілмеуі маңызды болып табылады.

Бүгінгі таңда білім алушылардың оқу жетістіктерін жаңаша бағалау қажеттілігі туындап отыр, өйткені ойлаудың қазіргі стилі дәлелді диалог жүргізе алуды, өз нанымдарын қорғауды, шешім қабылдау білігін, ғылыми дүниетанымға сенімділікті, білім мен ғылымды дамытуда адами өркениеттің басты мақсаттарын түсінуді және ұмтылысын талап етеді.

Сондықтан жеке пән мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсынымдарда сабақта қалыптастырушы бағалау жұмыстарын жүргізу бойынша көбірек түсінік беру ұсынылады.

Апробация мәліметтері бойынша мұғалімдер мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсынымдаманың мазмұнын кейбір тапсырмалардың орындалу әдістемесін көрсету арқылы толықтыру өтінішін білдірген.

Бұл білім мазмұны жаңартылған бағдарламалар бойынша жұмыс істейтін мұғалімдердің тәжірибесі бойынша әдістемелік көмек қажет екенін көрсетеді.

Демек, мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдарға оқу материалының күрделі бөлімдері бойынша, жоғары қиындықтағы есептерді шешуді түсіндіру жұмыстарын және т. б. енгізу ұсынылады.

Барлық дерлік баспаларға оқулықтардың мазмұнын:

- логикалық және сыни тұрғысынан ойлау, шығармашылық қабілеттерін;
